«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай балабақшасы» МКҚК

# «Көбелек» Ересек тобы

# «Ашық есік күні»

Тәрбиеші: Утарбаева А.Е.

Изтлеуова Ғ.Ә.

2025-2026 Ж

13. 11. 2025

Ашық есік күні.

Жоспары

Балаларды қабылдау

Таңғы жаттығу

Балалармен Әнұран орындау

Таңғы ас

Таңғы астан кейінгі гигиеналық шаралар

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық

Кестеге сәйкес ҰІӘ

- Дене тәрбиесі
- Ұлттық ойын «Тақия тастамақ»
- Кітап оқу. Ертегі «Үйшікей»
- Ертегі сахналау.
- Сергіту сәті.
- Табиғат бұрышындағы еңбек.
- Әңгіме құрастыру.

Күндізгі ұйқы

Ұйқыдан біртіндеп ояту,сауықтыру шаралары (жеңіл музыка әуенімен)

Ұйқыашар жаттығулары. Массажды алашалар үстімен жүру.

Бесін ас

Балалардың дербес іс-әрекеті

Кешкі ас

Балалардың үйге қайтуы

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
ата-анамен жылдық жоспарына сәйкес
2025-2026 о.ж. ересек «Көбелек» тобында өткізілген
ашық есік күніне

**АНЫҚТАМА**

Балабақша мен ата-аналар арасындағы өзара тығыз байланысты қалыптастыру мақсатында 2025 жылдың 13 қараша күні № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында жоспарға сәйкес, ересек «Көбелек» тобының ашық есік күні ұйымдастырылды. Ашық есік күніне ересек «Көбелек» тобының ата-аналары шақырылды.

Ашық есік күніне ата-аналар қатысты. Ата-аналар тәрбиешілермен және балалармен бірге күн тәртібінің барлық сәттеріне қатысты: таңертеңгілік қабылдауды қарады, тәрбиешімен бірге спорт залына барып, таңертеңгілік жаттығуларға қатысты, балалардың мәдени-гигиеналық шараларын көрді, қол жуып, тамақты құю, кезекшілікті ұйымдастыру сәттеріне де қатысты. Ата-аналар балалармен бірге таңғы жаттығуға қатысып, спорт залына барды. Топқа келгеннен кейін мемлекеттік гимн орындады. Ашық есік күнінде түске дейін тәрбиеші Ғ.Изтлеуова, түстен кейін тәрбиеші А.Утарбаева жүрді. Балалардың бос уақытында «Тақия тастамақ» ұлттық ойыны өткізілді. Сонымен қатар, ата-аналар балаларға кітаптан «Үйшік» ертегісін оқып берді. «Жыл мезгілдері» дидактикалық ойын ойнатылды, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, танымдық іс-әрекеттері кіріктірілді. Балаларды еңбекке баулу мақсатында табиғат бұрышындағы гүлдерді суарып, оларға қамқорлық көрсетті. Коммуникативтік іс-әрекет бойынша «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналады. Күн тәртібі бойынша далаға серуенге шықты, тәрбиешілермен бірге балаларды киіндіріп, шешіндірді, далада қимылды ойындар ойнатты. Сонымен бірге, музыка залында балаларға ән үйрету, би билеуді үйрету жұмыстарын да көрді, баланың бос уақытын ұйымдастырудағы «Дүкенде» сюжеттік-рольдік ойынын, «Кім жылдам?» қимылды ойынын ойнады. Баланың бос уақытын ұйымдастыруда сурет салудың дәстүрден тыс техникасын қолдану арқылы балалар жіппен сурет салды, тәрбиешілермен бірге ата-аналар да балалардың жұмыстарын бірге орындады. Түстен кейінгі ұйқыашар жаттығуларын жасады, кітаптан ертегілерді оқып, балалармен бірге ертегіні сахналады. Күні бойы жоспарланған барлық ҰІӘ-ді кестеге сай өткізіп, ата-аналар күн тәртібінің барлық кезеңдеріне қатысты. Күннің екінші жартысындағы жұмыстарды қарап, балабақшаның бір күндік сәтін тамашалап, топтың, балабақшаның тыныс-тіршілігімен танысты.

Ашық есік күнінің соңында келген ата-аналар тәрбиешілерге үлкен алғыстарын білдіріп, пікірлерін жазып кетті.

Әдіскер [signature] И.А.Джанадилова

«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай балабақшасы» МКҚК

# «Ақбота» Ересек тобы

# «Ашық есік күні»

Тәрбиеші: Аманғалиева А.М

2025-2026 Ж

18.11.25

Ашық есік күні.

Жоспары

Балаларды қабылдау

Таңғы жаттығу

Балалармен Әнұран орындау

Таңғы ас

Таңғы астан кейінгі гигиеналық шаралар

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық

Кестеге сәйкес ҰІӘ

- Қазақ тілі
- Музыка
- Дене тәрбиесі

Күндізгі ұйқы

Ұйқыдан біртіндеп ояту,сауықтыру шаралары\

Бесін ас

Балалардың дербес іс-әрекеті

Кешкі ас

Балалардың үйге қайтуы

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
ата-анамен жылдық жоспарына сәйкес
2025-2026 о.ж. ересек «Ақбота» тобында өткізілген
ашық есік күніне

# АНЫҚТАМА

Балабақша мен ата-аналар арасындағы өзара тығыз байланысты қалыптастыру мақсатында 2025 жылдың 12 қараша күні № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында жоспарға сәйкес, ересек «Ақбота» тобының ашық есік күні ұйымдастырылды. Ашық есік күніне ересек «Ақбота» тобының ата-аналары шақырылды.

Ашық есік күніне ата-аналар қатысты. Ата-аналар тәрбиешілермен және балалармен бірге күн тәртібінің барлық сәттеріне қатысты: таңертеңгілік қабылдауды қарады, тәрбиешімен бірге спорт залына барып, таңертеңгілік жаттығуларға қатысты, балалардың мәдени-гигиеналық шараларын көрді, қол жуып, тамақты құю, кезекшілікті ұйымдастыру сәттеріне де қатысты. Ата-аналар балалармен бірге таңғы жаттығуға қатысып, спорт залына барды. Топқа келгеннен кейін мемлекеттік гимн орындады. Ашық есік күнінде тәрбиеші топта А.Аманғалиева жүрді. Балалардың бос уақытында «Өзіңе жұп тап» қимылды ойыны өткізілді. «Жыл мезгілдері» дидактикалық ойын ойнатылды, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, танымдық іс-әрекеттері кіріктірілді. Коммуникативтік іс-әрекет бойынша «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналады. Күн тәртібі бойынша далаға серуенге шықты, тәрбиешілермен бірге балаларды киіндіріп, шешіндірді, далада қимылды ойындар ойнатты. Сонымен бірге, музыка залында балаларға ән үйрету, би билеуді үйрету жұмыстарын да көрді, баланың бос уақытын ұйымдастырудағы «Дәрігер» сюжеттік-рольдік ойынын, «Тышқан мен мысық» қимылды ойынын ойнады. Баланың бос уақытын ұйымдастыруда сурет салудың дәстүрден тыс техникасын қолдану арқылы балалар жіппен сурет салды, тәрбиешілермен бірге ата-аналар да балалардың жұмыстарын бірге орындады. Түстен кейінгі ұйқыашар жаттығуларын жасады, кітаптан ертегілерді оқып, балалармен бірге ертегіні сахналады. Күні бойы жоспарланған барлық ҰІӘ-ді кестеге сай өткізіп, ата-аналар күн тәртібінің барлық кезендеріне қатысты. Күннің екінші жартысындағы жұмыстарды қарап, балабақшаның бір күндік сәтін тамашалап, топтың, балабақшаның тыныс-тіршілігімен танысты.

Ашық есік күнінің соңында келген ата-аналар тәрбиешілерге үлкен алғыстарын білдіріп, пікірлерін жазып кетті.

Әдіскер [signature] И.А.Джанадилова

9 «Жұлдыз-Ай»бөбекжай--балабақшасы

# «Балабақшадағы қызықты бір күн!»

## (Ашық есік күніннің жоспары)

## «Балапан» Мектепалды тобы

Тәрбиеші:Толыбайқызы.А

**Ашық есік күнінің жоспары.**

Қатысушылар:

Тәрбиешілер, ата-аналар, «Балапан» мектеп алды даярлық тобының тәрбиеленушілері.

Ашық есік күні-бұл ата-аналармен жұмыс жасаудың бір түрі, бұл оларға мектепке дейінгі білім беру мекемесімен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен, оқу процесінің міндеттерімен танысуға мүмкіндік береді. Бұл іс – шараның мақсаты-ата-аналар мен тәрбиешілердің арасында сенімді қарым-қатынас орнату, балаларды бірлесіп тәрбиелеу міндеттерін анықтау және оларды жүзеге асыру.

Тәрбиешілер ұжымы ата-аналарға балабақшада баланың дамуы мен денсаулығын нығайту үшін қауіпсіз, педагогикалық сауатты және психологиялық қолайлы орта құрылғанын көрсетуге тырысады. ДО – дағы ашық есік күні-ата-аналарға балаларды балабақшада ұстау, режимді ұйымдастыру, тамақтану шарттары туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін іс-шара.

1 **Балаларды қабылдау**

2Ертеңгілік жаттығу

3Таңғы ас

4 **Кестеге сәйкес ҰІӘ**

Музыка

**жетекшісінің жоспарына сәйкес**

**Сауат ашу негіздері**

"[о] дыбысын таныстыру".

**Мақсат-міндеттері.** [о] дыбысымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [о] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтатқызу

**Математика негіздері**

**"Көліктер қай жақтарға бағыттайды? (Бекіту)"**

Балалардың ұғымында «алты» саны, оның құрамы туралы түсініктерін бекіту. Алты заттан тұратын заттар тобын салыстыру процесінде қабаттастыру және беттестіру әдістерін қолдануды үйрету; геометриялық фигуралар туралы түсініктерді бекіту; жол қозғалысы ережелерін сақтау туралы білімдерін бекіту; зейінділікке, саналы мінез-құлыққа тәрбиелеу.

**Қазақ тілі**

**К-Г дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).**

**Мақсат-міндеттері.** Балаларға [-к], [-г] дыбыстары және К к, Г г әріптерімен таныстыру;

[-к], [-г] әрпін ауада жазып көрсету; [-к], [-г] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, дыбысты есту арқылы ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-к], [-г] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; сөйлем құрастыру арқылы, сөздік қорларын толықтыру.

**5 Түскі ас**

**6 Күндізгі ұйқы**

**7 Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары**

**8Бесін ас**

**9Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)**

**10 Кешкі ас**

**11 Балалардың үйге қайтуы**

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
ата-анамен жылдық жоспарына сәйкес
2025-2026 о.ж. МАД «Балапан» тобында өткізілген
ашық есік күніне

**АНЫҚТАМА**

Балабақша мен ата-аналар арасындағы өзара тығыз байланысты қалыптастыру мақсатында 2025 жылдың 12 қараша күні № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында жоспарға сәйкес, МАД «Балапан» тобының ашық есік күні ұйымдастырылды. Ашық есік күніне МАД «Балапан» тобының ата-аналары шақырылды.

Ашық есік күніне ата-аналар қатысты. Ата-аналар тәрбиешілермен және балалармен бірге күн тәртібіні барлық сәттеріне қатысты: таңертеңгілік қабылдауды қарады, дене шынықтыру нұсқаушысымен бірге спорт залына барып, таңертеңгілік жаттығуларға қатысты, балалардың мәдени-гигиеналық шараларын көрді, қол жуып, тамақты құю, кезекшілікті ұйымдастыру сәттеріне де қатысты. Математика негіздерінен «Көліктер қай жаққа бағыттайды?» дидактикалық ойын ойнатылды, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, танымдық іс-әрекеттері кіріктірілді. Коммуникативтік іс-әрекет бойынша «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналады. Балабақшадағы кабинеттерге барып, балалар математика, сенсорика, өмірлік дағдыларды дамыту аймақтарында жұмыс істеді. Күн тәртібі бойынша далаға серуенге шықты, тәрбиешілермен бірге балаларды киіндіріп, шешіндірді, далада қимылды ойындар ойнатты. Сонымен бірге, музыка залында балаларға ән үйрету, би билеуді үйрету жұмыстарын да көрді, баланың бос уақытын ұйымдастырудағы «Кім тапқыр?» дидактикалық ойынын, «Тақия тастамақ» ұлттық ойынын ойнады. Баланың бос уақытын ұйымдастыруда сурет салудың дәстүрден тыс техникасын қолдану арқылы балалар жіппен сурет салды, тәрбиешілермен бірге ата-аналар да балалардың жұмыстарын бірге орындады. Түстен кейінгі ұйқыашар жаттығуларын жасады, кітаптан ертегілерді оқып, балалармен бірге ертегіні сахналады. Күні бойы жоспарланған барлық ҰІӘ-ді кестеге сай өткізіп, ата-аналар күн тәртібінің барлық кезеңдеріне қатысты. Күннің екінші жартысындағы жұмыстарды қарап, балабақшаның бір күндік сәтін тамашалап, топтың, балабақшаның тыныс-тіршілігімен танысты.

Ашық есік күнінің соңында келген ата-аналар тәрбиешілерге үлкен алғыстарын білдіріп, пікірлерін жазып кетті.

Әдіскер [signature] И.А.Джанадилова

Пікір

Мен, „Ақбота" тобының тәрбиеленушісі Әміржанұлы Амиханның әжесі Тлеушулова С. Бүгін балабақшаға барып, немеремнің тобын қалай тәрбиеленіп, не үйреніп жатқанын көріп өте қуанып қайттым. Тәрбиешіміз Ақгүл Амангалиевна мен көмекші, Несібелі апайларға мейірімі мен ерен еңбегі үшін алғыс, жұмыстарын көріп мәз болдым. Балаларға жасаған жағдайлары өте жақсы.

Бүгін, мен жаттығу залына одан соң музыка залына барып әлең айтып, билеп, ойын ойнағанын, сахналық қойылым қойғанын. Тіпте тамақтанғанын да көрдім.

Осындай ортада өскен баланың болашағы жарқын болатынына сенемін!

Алдағы уақытта тек еңбектеріңіз бағалана берсін!

06.11.2025 ж.

Амиханның әжесі

[signature]

„9" Жұлдыз-ай бала бақшасының
тәрбиеленушісінің ата-анасынан
„ашық есік" күніне жазылған

# Пікір

Мен, Тулеугалиева Акнур „Көбелек" тобының тәрбиеленушісі Орынбасар Мединаның ата-анасымын. 6.11.2025 жылы „ашық есік" күніне қатыстым. Ашық есік күні өте жоғары деңгейде өтті. Бұл дегеніміз, тәрбиешілеріміздің күнделікті жасаған еңбегі мен тәлім-тәрбиесі. Балалардың ұқыптылыққа, тазалыққа, дене тәрбиесіне, табиғатты аялауға, бір-біріне қамқор болуға, мейірімділікке баулитын сабақ өтті. Тәрбиешілеріміздің балаларға мейірімділігі мен қатар жүрген тәрбиесіне көңілім толды.

Сабақ барысында сөз алдымен балаларды жылы қабақпен қарсы алу сәті, дене тәрбиесі, патриоттық сезімді оятып, „Жұпар" шырқау сияқты шаралар өтті. Балалардың тамақтануы, логикалық ойындар, ұсақ моторикасын дамытатын сәттер де болды. Балалардың әрбір білім, қимыл ойындарына да куә болып риза болып қайттым. Бұл айтылғандардың барлығы түске дейін қамтылып. Бұл дегеніміз, балаларымыздың

Балабақшаның қабырғасында өте әсерлі әрі пайдалы уақыт өткіздік. Осындай балалардың әр күнін қызықты етіп жүрген тәрбиешілерімізге „мың" алғыс.

„Ашық есік" күнін ұйымдастырушыларға

РАХМЕТ!

07.11.25. [signature]

06.11.25ж Ашық есік күні

Ақбота тобы

Аянаттың әжесі

сағ: $15^{00}$

Балалар ұйқыдан тұрған соң ұйқы ашу жаттығуын жасады, массажный коврикпен балалар жүріп киімдерін ауыстырды. Дәретханаға барып, қолдарын жуып, бесінді асқа дайындалды. Тәрбиеші: Ақгүл апайдің бесінді ас дайын болғанша, тәрбиеші 15 минут сабақ өткізді. Тәрбиешімен балалардың ара қатынасы өте жақсы. Балалар көңілді болды.

Ақгүл апайға мың алғыс !!!
Жұмыса өрлеу берсін !!!

і/т Аянаттың
нағашы әжесі

[signature]

# Пікір

Мен, «Ақбота» тобының тәрбиеленушісі Мубарак Жаназымдік анасы Жанаймина А. бүгін балабақшаға барып, қалай тәрбиеленіп, не үйреніп жатқандарын көріп қуанышты қалдым. Балалардың тәртібі, өздерін ұстауы жақсы әсер қалдырды. Балалар біраз нәрсе үйренген. Осы орайда тәрбиеші Айгүл Амангалиевна мен көмекшісі Несібелі апайға ерен еңбектері үшін алғыс.

Алдағы уақытта еңбектеріңіз жемісті бола берсін.

6.11.2025